



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА  
**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Инклюзивное обучение детей с особенностями развития совместно с их сверстниками – это обучение разных детей в одном классе, а не в специально выделенной группе (классе) при общеобразовательной школе.

Система инклюзивного образования включает в себя учебные заведения среднего, профессионального и высшего образования. Ее целью является создание без барьерной среды в обучении и профессиональной подготовки людей с ограниченными возможностями.

Все участники процесса должны уметь объяснить идеологическую основу инклюзивного образования, а так же своими действиями демонстрировать приверженность его успешной реализации.

Данный подход – основа наших дальнейших исследований

#### Список литературы:

1. Комплекс мер по дальнейшему развитию системы инклюзивного образования в Республике Казахстан на 2015-2020 годы (приказ Министра образования и науки РК от 19 декабря 2014 г. №534)

3.Малофеев Н.Н. XXI век: векторы модернизации системы образования детей с ограниченными возможностями здоровья // Открытая школа. — 2012. — № 9(120). — С.16–20.

### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚ КЕШЛІ

Калиева Зауре Сырбаевна,  
Б.Майлин атындағы №3жалпы орта  
білім беретін мектебі  
Муканова Сауле Жултаевна,  
Уәлиханов атындағы №1 ОМ

#### Аннотация

*Мақалада бүгінгі таңда арнаулы білім жүйесінде мүмкіндігі шектеулі және кемтар балаларға педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдау көрсете отырып инклюзивті білім беру өзекті мәселесі қозғалды. Заманауи мектеп пен жоғары оқу орындарында инклюзивті білім берудің болашағын қоғам болып талқылау керек екені айтылды.*

#### Аннотация

*В статье затронуты актуальные проблемы инклюзивного образования при оказании педагогико- психологической поддержки детям с ограниченными возможностями в системе специального образования. А также были озвучены перспективы инклюзивного образования в современной школе.*

#### Abstract

*The article touches upon the actual problems of inclusive education, providing pedagogical and psychological correctional support to children with disabilities in the system of special education. It was noted that the future of inclusive education in modern schools and universities should be discussed as a society.*

**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, психологиялық көмек, мұғалімдердің психологиялық дайындығы, инновациялық технологиялар, озық оқыту әдіс-тәсілдері

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, психологическая помощь, психологическая подготовка учителей, инновационные технологии, методы и приемы опережающего обучения.

**Keywords:** inclusive education, psychological assistance, psychological training of teachers, innovative technologies, methods and techniques of advanced training.

Қазіргі таңда инклюзивті білім әлем назарында деп айтуға болады. Әлем ғалымдары бірігіп қолға алып жатқан іс. Инклюзивті білім- барлық балалар, яғни соның ішінде мүмкіндігі шектелеулі бабаларды білім үрдісіне қосу, оларды дене кемістігіне

қарамай, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай толық қанды білім алуына жағдай жасау. Инклюзивті білім беру- ерекше мұқтажы бар балаларды жалпы орта білім беретін мектептердің оқушыларымен бірге тең дәрежеде қосып оқыту.

Демек, әр бала білім алуға құқылы және білім алуға тиісті. Өмірге келген әр баланың дара қабілеті болады, сол берілген қабілетті ашу үшін мектеп қабырғасы өте қажет. Мүмкіндігі шектеулі бала өз қатарлы балалармен оқып бірге болса, ол ашылар еді, сонымен қатар ата-анаға да көп көмегі болады. Сол үшінде осындай ерекше бабаларға қолдау керек. Инклюзивті білімді шет елдерде 1970 жылы бастау алған. 1990 жылы АҚШ пен Еуропа білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Біздің елімізде «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», инклюзивті білім беру қарастырылған.

Заманауи мектеп пен ЖОО жағдайында инклюзивті білім беру жүйесі өте тығыз байланысты болғаны дұрыс. Қазіргі таңда инклюзивті білім беруді қолдау барлық жалпы білім беретін мектептерде ақыл-ой дамуында ауытқуы бар оқушылар білім алуға болады деген мен мұғалім қауымы оған дайын деп айтуға болмайды. Кей мұғалімдердің және ата аналардың қалыпты балаларды оқыту сапасының төмендеуін назарға алып, инклюзивті білім беруге қауіппен қарайтындары да баршылық. Қазақстанда инклюзивті білім беруге кедегілер өте көп.

Атап кетенін болсақ:

- Ол балаларды қалыпты балалармен тең санамау;
- Ерекше бала туралы адекватты көзқарас болмағандықтан;
- Дайын мамандардың мүлде болмауы;
- Ерекше балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту үшін оларға көптеген жағдайлар жасалмағаны;

Қай кезде дайын болады, қай кезде бала психологиясын түсінеді?- деген сұрақ туады. Ерекше баланы түсіну үшін жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды инклюзивті білім беруге дайындау қажет. Инклюзивті білім беру оқытуда әртүрлі қажеттілікті қанағаттандыру үшін жан- жақты дайын болған жөн. Осыған орай ЖОО жағдайында мамандарды дайындау үшін арнайы бағдарламалар жасау қажет. Мемлекет осыған орай жоғары білім беру стандарттарына өзгерістер енгізумен қатар, интелект деңгейі арта қалған баланың жетістігін бағалауда кең ауқымды түрлендіру жүйесін енгізу өте маңызды. Оған шетелдік тәжірибемен алмасу, инклюзивті білім беру сауаттылығына көп көмек бері анық[5, 167 б].

Дербес зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ. Сыныпқа ерекше оқушы келді. Өзіміздің іс- тәжірибемізге сүйенсек. Бала өте тұйық келеді. Бала үйден оқығаннан мектеп партасында оқып отырған мүмкіндігі шектеулі сөйлеуі бұзылған оқушы үшін қалыпты сөйлеу қабілетін дамыту үшін өз қатарлас балаларды сөйлегеніне қарап дыбысты қайталату арқылы сөйлеуде түзелетіне көзіміз жетті. Оқушылармен қызығушылығын арттыратын ойын-жаттығулар жасау арқылы бала өзінің ортаға керек екенін сезінеді. Біз қоғам болып баланың кішкентай кезінен өзін қоршаған жандармен қарым-қатынасынан үйренген тәжірибесі оның психикалық дамуының ірге тасы болатынын және кейінгі тағдыры осыған байланысты анықталатынын терең түсіне бермейміз. Яғни, тек кемістігі үшін ғана бөлек оқытатынымызды бала өсе келе түсінеді. Сол себептен де өз қатарластарымен бірге оқытқан жөн деп санаймыз. Баланың ойлау қабілетіне де көп көмегі тиері анық. П. Г. Гальперин: «Ойлау -сезім, қабылдау елестің таным істерін жалғастырушы дамытушы» ретінде қарастырады. Адамның ойы ерекше, белсенді процесс. Яғни, мектеп келген ерекше бала айналасындағы дүниемен қарым қатынас жасамайынша баланы ойы өрісі дамымайтынын ескеру қажет[2, 11 б].

Іс тәжірибемізге сүйенсек;

Мүмкіндігі шектеулі баланың барлығы бірдей болмайды. Мысалы: құлағы дұрыс естімеу, көз дұрыс деңгейде көрмеу, тірек қимыл қозғалысы өте нашар болғанымен, ол



оқушының ойлау қабілеті қалыпты оқушыдан әлде қайда зерек болуы мүмкін. Сол себептенде инклюзивті білім беру өте қажет. Инклюзивті білім беру үшін көп еңбек, ұстаздық жылы сезім мен кішіпейілділік керек. Баланың жан- дүниесін түсіну жеткізу оңай шаруа емес. Оған әр түрлі жолмен баруға болады. Біз әр баланың жан-дүниесіне үңілуден бастадық. Іс -тәжірибемізге сүйенсек баланы зерттемес бұрын оны қандай кемшілігі болса да жақсы көру қажет. Сен жақсы көрсең барлық оқушы жақсы көруге тырысады. Жақсы көру арқылы баланы зерттей аласың. Өкіншке орай кейде ондай балаларға мұғалімнің жүрек жылуы жетіспей жатады. Ерекше балаға арналған әдістемелік бағдарламаларды оқымаған мамандар балаға көмек береді деп айту қиын. Инклюзивті білім беруді дамытуға арналған жұмыстар қоғамда, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың осы балаларды қабылдауына дайын болуы қажет. Қазіргі таңда осындай балаларды бала бақшаға да қабылдау қиынға соғады. Оған қарсы болатын балалар емес, үлкендер жағы, яғни ата- ана сауаты жетпей жатады, ата- ана өз балаларының дамуын ойлайды. Негізінде қанша қиындық туса да, бала бақшадан бастаған жөн деп ойлаймыз.

Инклюзивті білім беру жүйесін ретке келтіру үшін шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету керек сияқты. Инклюзивті білімді онда жұмыс жасап жүрген мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетіп, сонымен қатар жақсы жақтарын көрсетіп, ал қиындық туғызып жатқан жерлерді талдап , сол қиындықтан шығу жолдарын бірге қоғам болып шешу қажет деген ой туады. Инклюзивті білім берудегі қиындықтарды іс-тәжірибемен жеңу жолдары

Қазіргі таңда заманауи мектептерде немесе ЖОО жағдайында білім беру болашағы инклюзивті білім беру қиындығы да баршылық. Өйткені инновациялық технологиялар мен озық оқыту әдіс-тәсілдерімен жабдықталғандықтарды заманауи мектептер мен барлық жоғары оқу орындарында оқушыларға керекті компьютерлік технологиялар бағдарламасы толық енгізілмеуде. “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласында «Болашақтың ең іргелі факторы – бұл білім беру” деп анық жазылғанын білеміз. Мамандарға арналған қазіргі уақытта инклюзивті білім берудегі қиындықтар: объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді. Субъективті қиындықтар: қазақ тілінде оқу әдістемелік құралдардың аздығы. Оқу процесін ұйымдастыруда тәрбиешілер мен педагогтардың арнайы кабинеттердің жетіспеушілігі. Ерекше балалармен жұмыс істейтін мамандарға біліктілігін арттыру курстарының ұдайы жүргізілмеуі. Қазақ тілінде оқытатын мамандар, яғни педагог-дефектологтардың жетіспеушілігі басым, ауылдық жерлерде тіпті ондай мамандардың жоқ деп айтуға болады. Осындай мамандар жалпы білім беретін мектептерде оқытын мүмкіндігі шектеулі оқушыларға өте қажет.[4,556].

Осындай кемшіліктері психологиялық ерекшеліктері биологиялық емес, әлеуметті құбылыс болып табылады». (Л.С.Выготский) Бала бойындағы кез келген кемшілік, баланың қоршаған ортаны тануға және онымен қарым қатынасын шектеуде, адамзаттың мәдени, әлеуметтік тәжірибесін игеруге кедергі келтіретініне біріміз білсек біріміз білмей жатамыз. Ерекше бала өзгелермен бірдей білім алуға, жұмыс істеуге, демалуға қоғамдық өмірге араласуға құқық беру қажеттігі еш күмән келтірмейді, бірақ бұны шынайы түрде іске асыру оңай еместігі белгілі. Білім алып, қоғамдық өмірге араласып, түрлі мүмкіндіктерді және мамандықты игеріп кетуі, қоғамға керек екенін түсіндіру осы инклюзивті білімнің дұрыс жүруіне байланысты. Заманауи мектептерде және ЖОО жағдайында инклюзивті білім берудің болашағы қандай деген ой туындайды. Болашағы жарқын болар еді, егер де инклюзивтік білім беруді шешу жолдары анық әрі нақты болса, тек қағаз жөнінде қалып қоймаса.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» ІТ технологияларының дамуын негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырып, жеке бағдарламасын әзірлеп қабылдауды міндеттеді.

Педагогикалық ЖОО және медициналық колледждерде, техникалық колледжде, арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелеріне арнап инклюзивті білім беру бағдарламасы мен қатар осындай балаларға қажетті озық технологиялық құралдармен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар қазіргі таңда әр мектептерде және ЖОО да жетіспейтін мамандықтар: мұғалім-дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлеріне өте аз мемлекеттік гранттардың өз деңгейінде бөлінбеуі инклюзивті білімнің төмендеуіне, яғни болашағына әсері тиетіні анық. Мектеп бітіретін түлектердің ол мамандықты таңдамауы, инклюзивті білімнің одан әрі дамуына кері әсері тиіме деген қорқынышта баршылық. Осы мамандықтарды меңгеру үшін мемлекет тарапынан көптеген студенттерге жіңілдіктер қарастырған жөн. Мектепте өз қатарластарымен бірге 11 жыл оқыған мүмкіндігі шектеулі оқушы мектеп бітіргеннен соң да мемлекет қарауында болғаны жөн.

Осындай мүмкіндігі шектеулі оқушы заманауи мектепте білім алса, Жоо түсуі де оған жеңіл болады. Себебі үйде өзімен өзі оқыған оқушы өте тұйық әрі ЖОО жағдайында инклюзивті білім алу оған өте қиын, себебі, қоғаммен араласуы өз қатарлас студенттермен бірге оқу қиындық туғызады. Сондықтан іс тәжіриемізге сүйене келе айтарымыз. Ерекше баланы кішкентай кезінен бастап, яғни балабақшадан, одан әрі мектеп қабырғасында инклюзивті білім беру өте тиімді. Мектепке дейін және жалпы орта білім беретін мектеп, жоғары оқу орындары бірігіп инклюзивті білім беру бағдарламалары бір бірімен сабақтасқан жағдайда заманауи мектеп пен ЖОО жағдайында инклюзивті білім беру болашағы жарқын болады.

Қорытындылай келе, қандай бала болмасын ол- біздің болашағымыз. Олардың өміріне бәріміз жауаптымыз. Қазақстанның әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір өмір үшін күресіп жүрген мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Осыны Қазақстан білім саласында жүрген азаматтарымыз ұмытпаса деген тілегіміз бар.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР МДББҰ оқу-тәрбие үдерісіне М. Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. «Өрлеу» БАҰО, Алматы, 2013 ж.

2. Бастауыш сыныптарда қазақ тілінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар. Оқу құралы// Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 77 б.

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Құсайын Орынбасар Талгатқызы,  
Сейтқазы Зухра Махмұдқызы,  
Ергалиева Айгерим Канатовна,  
Ғ.Қайырбеков атындағы № 9 орта мектебінің  
математика пәнінің мұғалімдері

#### **Аннотация**

*Инклюзивті білім беру жүйесі орта, кәсіптік және жоғары білім беру оқыту мекемелерін қамтиды. Оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі адамдарды білім алу және кәсіптік дайындау барысында кедергісіз орта құру болып табылады. Осы мақсаттарға жету үшін білім беру ұйымдарын техникалық жабдықтау, педагогтар мен басқа да тыңдаушыларға мүмкіндігі*

<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В.,</i> Национальная политика в контексте идеи «мәңгілік ел».....	251
<i>Шевцова С. Н., Тихонова Л. В.,</i> Формирование духовных ценностей и приоритетов подрастающего поколения – ключевая миссия современной воспитательной системы.....	255

## СЕКЦИЯ 2. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

### СЕКЦИЯ 2. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Амренова К. З., Умарова Б. А., Хасенова М. М.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы.....	263
<i>Арыстан Н. Н., Кенжегарина А. Ә., Жармұқамбетова А. А.,</i> Инклюзивті оқыту негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	267
<i>Аппазова С. А., Нуржанова А. М., Жакупова У. Е.,</i> Инклюзивное образование: взгляд изнутри.....	271
<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	274
<i>Балтабаева Ш. А., Махметова С. М., Умарова Р. М.,</i> Қазіргі заманауи мектептердегі инклюзивті оқыту.....	277
<i>Бекенова А. К.,</i> Инновационный образовательный проект в условиях социализации и адаптации детей - сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, и детей из малообеспеченных семей.....	280
<i>Белякова С. Р., Ержанова Р. К.,</i> Разработка учебника как стратегическое средство повышения профессиональной компетентности педагога в рамках обновления содержания образования.....	284
<i>Влад Ю. Ю., Пличкина С. Ф.,</i> Современные тенденции образования в Республике Казахстан в контексте «Рухани жаңғыру».....	288
<i>Грудупс К. Я., Данилова В. В.</i> Теоретические аспекты работы педагога с семьей, воспитывающей ребенка с ограниченными возможностями здоровья.....	292
<i>Досмагамбетов В.Ш.,</i> Здоровьесберегающие технологии как фактор сохранения здоровья школьников.....	297
<i>Доцанова Б. М.,</i> Инклюзивное образование в Костанайской области.....	300
<i>Ельжанова Г. М., Исиргенова Н. С.,</i> Сабакты зерттеу (Lesson Study) тәсілінің ерекшеліктері.....	305
<i>Ерденова Ж. К.,</i> Казахстан – безбарьерная зона обучения.....	308
<i>Заречнева О. И.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы.....	311
<i>Ильясова Ж. А., Баймолдина А. Б., Рахимова Ш. О.,</i> Заманауи мектепте инклюзивті білім берудің маңызы.....	314
<i>Калакова А. С.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы и вуза.....	318
<i>Калиева З. С., Муканова С. Ж.,</i> Инклюзивті білім беру – болашақ кепілі.....	321
<i>Құсайын О. Т., Сейтқазы З. М., Ергалиева А. К.,</i> Инклюзивті білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері.....	324
<i>Лантух Я. С., Иванова Е. Н.,</i> К вопросу о некоторых направлениях подготовки будущих учителей к осуществлению инклюзивного образования детей.....	329
<i>Мухамедзянова Р. Н.,</i> Перспективы инклюзивного образования.....	332